

## 1996 жылы даала жұмыстарын жүргізу үшін жағдайлар жасау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 наурыздағы N 321

1996 жылы ауыл шаруашылық жұмыстарына ұйымшылдықпен әзірлену және оларды жүргізу үшін жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер 1994-1995 жылдары алғынған мұнай өнімдері үшін және оларды темір жол, автомобиль көліктерімен тасымалдағаны үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің тасымалы үшін 1996 жылғы 30 қарашаға дейін тікелей төлеммен, вексельдермен, ауыл шаруашылығы өнімдерімен есеп айырысады жүзеге асырын.

"Атырау мұнай өндеу заводы" акционерлік қоғамына, "Мұнайгаз" мемлекеттік холдингтік компаниясының кәсіпорындарына осы мерзімде тасымалдау жөніндегі қызметтері үшін Қазақстан Республикасының темір жолдарына берешекті жабу ұсынылсын.

Астық өндіруді қаржыландыруға вексель алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, оларды бірінші кезекте бұрын алғынған мұнай өнімдері үшін берешектерді жабуга жіберсін.

2. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 8 ақпандағы N 60 өкіміне сәйкес ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері мен "Мұнайгаз" мемлекеттік холдингтік компаниясы кәсіпорындарының арасында мұнай өнімдерін беруге шарттар жасау мен оларды сату жөніндегі жұмыстарды жеделдететін болсын.

Шаруашылық жүргізуі субъектілер шарттар жасау барысында франко-завод шартымен мұнай өнімдерін беру үшін есеп айырысады көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып, үш күн мерзім ішінде ауыр шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мұнай өнімдерін беретін Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары үшін салық жөніндегі есеп айырысу механизмін фьючерлік және форварттық шарттардың, вексельдермен есеп айырысу ерекшеліктерін ескере отырып, әзірлесін және бұл орайда салық төлеу бойынша оларға төлем мерзімін кейінге қалдыруды көздей отырып, осы кәсіпорындардың /енбекақы төлеуді қоса/ іркіліссіз жұмысын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстан Республикасының тұтынушыларын мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 наурыздағы N 248 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 9, 100-бап/ 1-тармағының бесінші абзацына сәйкес мұнай базаларының /терминалдарының/ мүлкіне келген акциялардың мемлекеттік пакетін мұнай-газ өндіру кәсіпорындарының иеленуіне, пайдалану мен басқаруына беруді жеделдетсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі дала жұмыстары кезеңінде қосымша алым алмай, мұнай өндіру кәсіпорындарының өтінімі бойынша мұнай өнімдерін құю үшін, жоспарлы және жоспардан тыс темір жол цистерналарын бірінші кезекте беруді қамтамасыз етсін.

6. Фьючерлік және форварттық шарттар мен мұнай өнімдерін беруге шарттар жасау барысында, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жер пайдалану құқы мен мүліктік пайды пайдалану құқын кепіл ретінде пайдалану ұсынылатын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі